



ASTANA  
INTERNATIONAL  
UNIVERSITY

# 9-Тақырып. Жаза ұғымы мен мақсаттары. Жаза жүйесі және түрлері.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



# Қарастыратын сұрақтар:

1. Қылмыстық жаза түсінігі және мақсаттары.
3. Жаза жүйелерінің және түрлерінің жалпы сипаттамасы
4. Қылмыстық заңнамада және қылмыстық құқық теориясында жазаларды әралуан жіктер бойынша жіктеу.
5. Негізгі жазаның аралас түрлерінің сипаттамасы.
6. Жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге шараларынан айырмашылығы.
7. Заманауи Қазақстандағы бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдану аясын кеңейту саясаты.

## *1 сұрақ. Жаза ұғымы мен оның мақсаттары*

*Жаза дегеніміз* - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмытық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. *Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.*

## *2-Сұрақ. Жаза жүйелерінің және түрлерінің жалпы сипаттамасы*

*Жазаның жүйелері* деп қолданылып жүрген қылмыстық заңда белгіленген соттар үшін міндетті және тұжырымды, ауырлығына қарай белгілі тәртіппен орналасқан жазаның түрлерін айтамыз.

Қылмыстық заңның өзінде барлық соттар үшін міндетті болып табылатын жекелеген жазаларды қолданудың шарты, шегі және тәртібі белгіленген. Мұның өзі Республика аумағында қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес саласында біркелкі жазалау қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сотталған адамға келтірілетін айырудың мәніне қарай жазаның түрлері мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сотталған адамға моральдық жағынан әсер ететін жаза түрлері. Бұған жататындар: қоғамдық жұмыстарға тарту, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградадан айыру.

**2. Сотталған адамның құқығына шек қоюмен байланысты жаза түрлері:** белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыру, әскери қызмет бойынша шектелу; шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу.

**3. Сотталған адамды материалдық жағынан айыруға байланысты жазалар:** түзеу жұмыстары, айыппұл, мүлікті тәркілеу.

**4. Сотталған адамның құқығынан немесе бас бостандығынан айыруға байланысты жаза түрлері:** бас бостандығынан айыру, қамаққа алу.

Жаза түрлерін топтастырудың бұдан басқа түрлері де жалпыға мәлім. Жаза жүйелеріне кіретін барлық жаза түрлері негізінен үш топқа бөлінеді: Бірінші топты негізгі жазалар құрайды. Негізгі жазалар дегеніміз заң бойынша жеке дара жаза ретінде, жазаның мақсатын жүзеге асыру үшін қолданылатын жаза түрлерін айтамыз.

Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес, жаза түрлері қылмыстық теріс қылық жасағаны және қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке дара белгіленген.

Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылғандарға мынадай негізгі жазалар қолданылуы мүмкін:

- айыппұл;
- түзеу жұмыстары;
- қоғамдық жұмыстарға тарту;
- қамаққа алу;
- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу.

Қылмыс жасады деп танылған адамдарға мынадай негізгі жазалар:


- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 3) бас бостандығын шектеу;
- 4) бас бостандығын анайыру.

*Қосымша жазалар* деп негізгі жазаға қосылып тағайындалатын, жазаның мақсатын жүзеге асыруда оған көмекші рөл атқаратын жазаларды айтамыз. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» 1999 жылғы 30 сәуірдегі №1 нормативтік қаулысының 25, 26-тармақтарында «Негізгі және қосымша жазаларды дұрыс үйлестіре білу, оны даралап көрсету принципін дәйекті түрде жүзеге асыруға, жазаның мақсатына жетуге көмектеседі, осыған байланысты соттар үкім шығарған кезде әр іс бойынша, әсіресе, ауыр, аса ауыр, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарға қосымша жаза қолдану қажеттілігі мәселесін қараған жөн.



Қылмыстық заңның баптарының санкцияларында қосымша шаралар қолдану немесе қолданбау мүмкіндігі айтылған болса, соттар оны тағайындау туралы мәселені қарап, қабылданған шешімнің дәлелдерін үкімнің дәлелдеу бөлімінде міндетті түрде көрсетуге тиіс. *Ал қосымша жаза қолданылмаған жағдайда бұл туралы үкімнің қорытынды бөлімінде ондай сілтеме жасалмайды.*

Кінәліді соттаған кезде қылмыстық заңның баптарында қосымша жаза қолдану міндетті деп табылса, сот оны ҚК-нің *55-бабында* көрсетілген шарттар болған жағдайда ғана, ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасай отырып, қабылданған шешімнің дәлелдерін үкімде міндетті түрде келтіре отырып қолдануы мүмкін.



### *Соттардың назары мынаған аударылсын:*

Қосымша жазаның айыппұл, мүлікті тәркілеу сияқты түрлері қосымша жаза ретінде тек егер олар сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің баптарының диспозицияларында қосымша жаза ретінде көзделген болса ғана қолданылуы мүмкін.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан айыру, арнайы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде ҚК-нің Ерекше бөлімінің қылмысты саралаған бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін.

Бұндай жазаны қолдану туралы шешім қабылданғанда, үкімнің қорытынды бөлімінде ҚК-нің тиісінше 41 немесе 50-бабына сілтеме жасалуы керек.

Ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін сотталған кезде, сот үкіммен бірге ҚК-нің 50-бабы 2-бөлгінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыру туралы тиісті ұсыныс енгізу мәселесін қарауы тиіс.

Қосымша жаза жеке дара тағайындалмайды, ол тек қана негізгі жазаға қосылып тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар қолданылуы мүмкін:

1. мүлкін тәркілеу;
2. арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбына және мемлекеттік наградаларынан айыру;
3. белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
4. 3-1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;
5. шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

Сонымен, қолданылып жүрген қылмыстық заңда мазмұны мен мәні әртүрлі жаза түрлері көрсетілген. Бұл жазаларды дұрыс қолдану – қылмыстық құқық бұзушылықпен тиімді күрес жүргізудің негізгі шарты болып табылады.

## *Айыппұл*

Қылмыстық кодекстің 41-бабына сәйкес: «Айыппұл – Қылмыстық кодексте көрсетілген шекте, заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтінде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде немесе пара сомасына, немесе мүліктің құнына, немесе алынған кіріс сомасына, немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына тағайындалатын ақшалай өндіріп алу» (41-бап, 1-бөлімі).

Айыппұл қылмыстың теріс қылықтары үшін айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. *Ал ҚЖ-ның 245 (үшінші бөлігі), 253 (екінші, үшінші, бесінші, алтыншы бөліктері), 307 (үшінші бөлігі, екінші тармағы), 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстар үшін айыппұл мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті бабында белгіленген мөлшерде тағайындалады.*

Айыппұл мөлшерін сот қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып анықтайды.

Қылмыстық кодекстің **41-бабында көрсетілгендей**, айыппұл негізгі жаза қатарында қолданылуы мүмкін. Қылмыстық жаза шарасы ретінде айыппұл төлеуге сотталған адам белгілі бір материалдық қиындыққа тап болады. Айыппұлдың жазалау қасиеті дәл осындай жағдайда көрініс табады. Кінәлі адамнан үкім бойынша ақшалай өндіріп алу сотталған адам және басқалар үшін тәрбиелік мәні зор, және бұл қылмыстық құқық бұзушылықты сақтандыруда ерекше рөл атқарады. Айыппұл негізгі және қосымша жаза ретінде тек заңда көрсетілген тәртіпте және оның шегінде ғана қолданылады.

Егер айыппұл қылмыстық құқық бұзушылықты саралаған баптың санкциясында көрсетілмеген болса, онда ол негізгі жаза ретінде қолданылмайды. Мұндай жағдайда айыппұлды тек Қылмыстық кодекстің 55-бабына сәйкес, заңда көрсетілгеннен жеңілірек жаза тағайындауға негіз болғанда ғана қолдануға болады.

***Айыппұл Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің немесе пара сомасына, мүліктің құнына есептелген мөлшерде тағайындалады.*** Айыппұлдың мөлшерін жасалған қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның мүлдік жағдайын ескере отырып сот белгілейді. Айыппұлдың нақты мөлшері істелген қылмыстық теріс қылықтың ауырлығына, кінәлі адамның материалдық және отбасылық жағдайына, сондай-ақ істің нақты жағдайларына байланысты сот арқылы жеке-дара анықталады



Занда айыппұлдың төменгі және жоғарғы шегі көрсетілген. Егер сот айыппұл төлеудің негізі ретінде айлық есептік көрсеткішті алса, онда ол: қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде; қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде немесе Ерекше бөлімнің тиісті бабының санкциясында нақты көрсетілген шекте тағайындалады. Қылмыстық-атқару құқығы бойынша айыппұлды орындау сотқа жүктеледі. Сот үкім күшіне енгеннен кейін бір ай мерзім ішінде сотталған адамға айыппұлды төлеу міндеттеледі.



*Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, ҚК-нің 43 және 45-баптарының ережелері ескеріліп, айыппұл қоғамдық жұмыстарға немесе қамаққа ауыстырылуы мүмкін: бір айлық есептік көрсеткіш үшін – бір сағат қоғамдық жұмыс, төрт айлық есептік көрсеткіш үшін – бір тәулік қамаққа алу арқылы.*

*Қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, ҚК-нің 46-бабының ережелері ескеріліп, ол төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір күн бас бостандығынан айыру есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бұл ретте ҚК-нің 245 (үшінші бөлігі), 253 (екінші, үшінші, бесінші, алтыншы бөліктері), 307 (үшінші бөлігі, екінші тармағы), 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстар үшін айыппұл осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптың санкциясы шегінде бас бостандығынан айыруға ауыстырылады (ҚК-нің 41-бабы, 3-бөлігі)*